

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 315 (2017), 64 – 69

K.Sh. Bakirova, G.A. Sholpankulova

Kazakh National Pedagogical University the name of Abai, Almaty, Kazakhstan
bakirova59@mail.ru, gauxar-1979@mail.ru

**MC FORMING OF ECOLOGICAL CULTURE AT PREPARATION
OF SPECIALISTS OF BIOLOGISTS**

Abstract. In the article the all-round and deep analysis of dynamics of forming of ecological culture of personality of future teacher is given in philosophical and psychological-pedagogical literature in a chronological order. Presently all greater confession is got by the point of view, in obedience to that an ecological culture is examined as a necessary component of professional culture of teacher. Really, without realization by teachers, educators, representatives of other pedagogical specialties of the influence rendered by various natural and social factors on developing personality and to a great extent stipulating character and direction of her development, without ability to build the activity on the basis of account of these factors, today hardly it maybe to obtain the increase of efficiency of pedagogical labour so expected by society.

On the basis of long-term researches and got results of вторыми his working determination was given in the aspect of new philosophical comprehension of concept "Forming of ecological culture of students of pedagogical institution of higher learning", based on application of ideas and principles of the strategy of education for steady development, sent to satisfaction of necessities of future generation, forming of world view of society steady

Key words: forming, ecological culture, preparation of specialists-biologists, ecological education, ecological consciousness, steady development.

К. Ш. Бакирова, Г. А. Шолпанқұлова

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

**БИОЛОГ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДА
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аннотация. Мақалада болашақ мұғалім тұлғасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру динамикасы қарастырылып, философиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге хронологиялық тәртіпте жан-жақты әрі терең талдау жасалған.

Қазіргі уақытта көпшілік мойындаған көзқарас, экологиялық мәдениет педагогтың кәсіби мәдениетінің қажетті компоненті ретінде қарастырылады. Шындығында, мұғалімдер, тәрбиешілер, басқа педагог мамандар түрлі табиғи және әлеуметтік факторлардың дамып келе жатқан тұлғаға әсері мен оның мінез-құлықты айтарлықтай өзгертетінін, даму бағытын қалыптастыратыны түсінбейінше және осы факторлардың негізінде өз іс-әрекетін құруды үйренбейінше, бүгінгі қоғам күткен педагог еңбегінің тиімділігін артыруға қол жеткізуі мүмкін емес.

Көп жылғы зерттеулер мен алынған нәтижелер негізінде авторлармен жаңа философиялық ұғым «педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерінде экологиялық мәдениет қалыптастыруды» түсіну аспектісінде жұмысшы анықтамасы берілді. Бұл анықтама болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, тұрақты даму үшін білім беру стратегиясының идеялары мен қағидаларын пайдалану, қоғамда тұрақты даму туралы дүниетаным қалыптастыруға негізделген.

Тірек сөздер: қалыптастыру, экологиялық мәдениет, биолог мамандарын дайындау, экологиялық білім беру, экологиялық сана, тұрақты даму.

Қазіргі заманда педагогикалық жоғарғы оқу орындарында ғылымның түрлі салалары студенттерге «экологиялық мәдениет» ұғымын түсіндіретін ортақ анықтама жоқ. Көзқарастардың көп болуы зерттелетін категорияның жаңашылдығы мен қоғам сферасындағы рухани саланың күрделі және көп мағыналы болуына байланысты [1–5].

Әлемдегі қозғаушы күштің негізін ноосферогенездің қалыптасу стратегиясы құрайды, ал «ноосфера» түсінігі қоғамның эволюциялық даму кезеңін түсіндіреді, қазіргі таңда адамзаттың саналы әрекеті биосфераның дамуына тікелей әсер ете бастады. Сондықтан бұл аспектіде тұрақты даму тұжырымдамасының маңызын бағалап, адамзаттың экологиялық қауіпсіздігін жүйелі түрде сақтауға экологиялық мәдениетсіз қол жеткізу мүмкін емес.

Бұл тұжырымдама ғылыми негізін жасауда Д.С.Лихачевтың сіңірген еңбегі ерекше, ол В.И.Вернадский, Н.Н.Моисеев, Н.Ф.Реймерс сияқты ғалымдардың идеясын ары қарай дамытты. Д.С.Лихачевтың пікірінше, адам табиғат пен мәдениеттің бір бөлігі, «әлемнің өзіндік сана-сезімінің иесі» ретінде барлық тіршілік иесіне адамгершілік және моральдық тұрғыдан жауапты. Мәдениетті, білімді және тәрбиені экологизациялау алдыңғы қатарлы ноосферогенез ғылымының бөлінбейтін компоненті, яғни «жалпы ғаламдық жүйеде экологиялық білімді» дамыту [6].

«Экологиялық мәдениет» түсінігі кең мағыналы, себебі ол табиғат және жаратылыс факторларымен қоса әлеуметтік факторлар жиынтығы. Бұл материалдық және рухани өндірістен көрініс алады, адамдардың әлеуметтік әрекеті мен қоғамның ұйымдасуын анықтаушы фактор. Бұдан шығатын қорытынды жалпы тұлғаның және болашақ мұғалімнің экологиялық мәдениеті біржақты қарастырылмауы қажет. Бұл кешенді түсінік философиялық, психологиялық, мәдениеттік, биологиялық, педагогикалық мәселелерді қамтиды, біздің пікірімізше «экологиялық мәдениет» рухани мәдениеттің туындысы; себебі біз кез-келген стереотиптің «автоматты» түрде барлық деңгейлерде қызмет атқаратынын білеміз. Бұл кешеннің қалыптасуы көп деңгейлі үрдіс.

Бүгінгі күні біз жаңа қоғамның алдындағы таңдаудың куәгеріміз, бұрынғы табиғат пен адамзат арасындағы қалыптасқан қарым-қатынас тәсілі сақталса сөзсіз экологиялық апатқа алып келеді, ал өмір сүруге жарамды биосфераны сақтау үшін осы уақытқа дейін қалыптасқан әрекет типін өзгерту қажет. Соңғы жағдай адамдардың әлемге деген көзқарасын түп тамырымен өзгерту арқылы орындалады, материалдық және рухани мәдениет саласындағы құндылықтарды өзгертіп, жаңа экологиялық мәдениетті қалыптастыруды қажет етеді.

Қазіргі уақытта көпшілік мойындаған көзқарас, экологиялық мәдениет педагогтың кәсіби мәдениетінің қажетті компоненті ретінде қарастырылады. Шындығында, мұғалімдер, тәрбиешілер, басқа педагог мамандар түрлі табиғи және әлеуметтік факторлардың дамып келе жатқан тұлғаға әсері мен оның мінез-құлықты айтарлықтай өзгертетінін, даму бағытын қалыптастыратыны түсінбейінше және осы факторлардың негізінде өз іс-әрекетін құруды үйренбейінше, бүгінгі қоғам күткен педагог еңбегінің тиімділігін артыруға қол жеткізуі мүмкін емес.

Кестеде біз ғалымдардың «экологиялық мәдениет» мәнін түсіндіретін анықтамаларды хронологиялық ретпен келтірдік.

Кесте - Ғалымдардың «экологиялық мәдениет» түсінігі туралы көзқарастар

Ғылыми жұмыс авторы, атауы және шыққан жылы	Экологиялық мәдениет туралы көзқарастар
П. Гольбах // Антология мировой философии. В 4 т. М.: Наука, 1970. – С. 184–186.	<i>Табиғи</i> ортаны бізге көрінетін заттарды өндіру үшін және әрекет ету үшін қажеттінің барлығын қамтитын үлкен <i>шеберхана</i> ретінде қарауға шақырды.
Гиросов Э.В. Методологические проблемы теории взаимодействия общества и природы: автореф. ... канд. философ. наук. – М., -1978. – 18 с.	Экологиялық мәдениет – бұл әр қоғамның жалпы мәдениетіне кіріктірілген элемент, адамзат дамуының алғашқы дәуірінен бастап әлеуметтік әрекет үнемі қоршаған ортаның тіршілікке жарамдылығына сәйкес <i>тәртіпке бағынған</i> . <i>Этностың экологиялық мәдениеті</i> – бұл адамдардың қоршаған ортаға бейімделу әдістерінің жиынтығы, қоғамның бұл жағдайы <i>рухани және материалдық құндылықтардың салыстырылуымен ерекшеленеді</i> ; әлеуметтік әрекеттің қоршаған ортаның тіршілікке жарамдылық талаптарына сәйкестігі. Жер алдында тіршілігі үшін борышын өтеу; ол тіршілік формаларының, оның ішіне адам да кіреді, даму мен көбеюіне қажетті жағдайды сақтау.
Печчеи А. Человеческие качества. – М.: Прогресс, -1980. – 302 с.	«... адамзаттың алдында эволюция мәселенің мәні адамдар осы <i>әлемге өздері әкелген өзгерістерге сай өздерінің мәдениетін бейімдей алмауында</i> . Экологиялық мәселелерді шешу ең алдымен <i>адамның ішкі болмысының, адамның өзінің өзгеруінен басталу керек</i> ».
Лихачев Д.С. Экология культуры // Прошлое – будущее. Л.: Наука, -1985. – С. 50–62.	Этикалық – рухани құндылықтарды апаратын экологиялық мәдениет сұрақтары зерттеуді аса қажет етеді. Экологиялық дағдарысқа тек сыртқы ортаның ластануы ғана емес, <i>сонымен қатар адамның ішкі әлемінің</i> , мәдениетінің, санасының ластануы да экологиялық қауіпті құрайды деген ғалымның ойына қосылуға болады.

Вернадский В.И. Философские мысли натуралиста. – М.: Наука, -1988. –358 с.	Экологиялық сана – адамның дүниеге, өзіне <i>шығармашылық қарым-қатынасы</i> .
Гирусов Э.В. Природные основы экологической культуры // Экология, культура, образование. (материалы и конференции). – М.: -1989. С.11-19.	Экологиялық мәдениет – бұл <i>біздің ішкі дүниеміздегі ноосфераның пайда болуы</i> .
Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания: Опыт педагогической антропологии // Пед. соч.: В 6-ти т. Т.5. – М.: Педагогика, -1990. С. 3-10.	Табиғаттың дауысын, үнін ата-аналар да, қоғам да, тәрбиешілер де, заң шығарушылар да көңіл қойып тыңдауы тиіс. <i>Табиғатқа қарсы келу, оған зиян келтіру жақсылыққа апармайды</i> , адамға тек оның заңдылықтарын білу және оның табиғи күшін пайдалану ғана қалды.
Сафронов И.П. Формирование экологической культуры учителя. Дис. ... канд. филос. наук. – М., -1992. С.4-6.	«Мұғалімнің экологиялық мәдениетін қалыптастыру» деген ғылыми зерттеуінде экологиялық мәдениет белгілі бір әлеуметтік бірліктің шеңберіндегі <i>табиғатты танып-білумен бірге, оны меңгеру және жаңартумен тығыз байланысты адамның іс-әрекет нәтижелерін</i> көрсететін, адам – қоғам – табиғат арасындағы қарым-қатынастың сипаты мен сапалық деңгейін байқататын жалпы мәдениеттің бір бөлшегі деген тұрғыда пікір білдіреді
Урсул А.Д. Экологическая парадигма и перспективы образования // Философские основания экологического образования в эпоху нанотехнологий. – М.: Канон-Реабилитация, -2014.	Экологиялық өркениеттің үш қалыптасу кезеңін атап өтеді. Бірінші кезең, экологиялық ахуалды жақсартатын заңдарды қабылдаумен байланыстырылады. Яғни, <i>экологиялық қылмыс кодексін нығайту керек</i> . Екінші кезеңде табиғаттың ластануы мүмкіндігінше азайтылып, <i>биосфера ресурстары тұрақтандырылады</i> . Үшінші кезеңде <i>демографиялық мәселелер түбегейлі шешіледі</i> .
Мамедов Н.М., Суравегина И.Т. Экология: учебное пособие до 9-11 классов общеобразовательной школы. – М.: Школа – Пресс, -1996. – 464 с.	Білім беру жүйесін экологияландыру дегеніміз экологияға қатысты идеялар, түсініктер және <i>ұстанымдар жиынтығының</i> өзге пәндерге кірігу сипаты, сол сияқты түрлі бағытта білім алған, экологиялық тұрғыдан мейлінше <i>сауатты мамандар дайындау</i> .
Яковлева Е.В. Формирование экологической культуры средствами физического воспитания: дисс. ... канд. пед. наук. – Москва, -1996. – С. 25-27.	Экологиялық мәдениет жүйесі – экологиялық ойлау, экологиялық сана, экологиялық әрекет, экологиялық мінез-құлық болып табылады.
С.Н.Глазачев, О.Н.Козлова. Экологическая культура: экология для гуманитариев М.: Горизонт, -1997. – 205 с.	Экологиялық мәдениеттің құрамына экологиялық <i>іс-әрекеттің мотивациясы</i> , экологиялық білім және табиғатты сақтау, оны қорғай алу кіретін экологиялық мәдениеттің негізін сендіру, экологиялық сананы құрайды деп есептейді.
Межжерин В. Человек экологический // Зеркало недели. -2002.	Экологиялық мәдениетті ғылым, технология, дін, философия, астрология, әдебиет, өнер барлығы бірге <i>адам өмірінің образын</i> жасағандығын факт ретінде қарастырады. Ол арқылы пынайы әлеммен өзара байланысты орната отырып, адам өзіне қабілеттіліктің, икемділіктің жоғарғы формасы ретінде қарастыруға болатын қалыпты жағдайын қамтамасыз етеді.
Лагутин, А.О. Экологическая культура как фактор устойчивого развития общества // Автореф. ... канд. культурологии. – Краснодар, -2001. – 24 с.	Экологиялық мәдениеттің мақсаты адам қоғамының <i>табиғи-әлеуметтік потенциалын дамыту мен сақтау</i> , қоғамның тұрақты экологиялық кеңістігін қалыптастыру болып табылатын ашық жоғары өнегелілік құндылықтық құрылымдардың динамикалық жүйесі.
естенің жалғасыЮ. Л. Хотунцев. Экология и экологическая безопасность. Учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений. – М.: Академия, -2004. - 450 с.	Экологиялық мәдениет феноменінің құрылымдық бөлінуін ұсынды. Оның көзқарасы бойынша табиғаттың сақталуын қарастыратын, сонымен шартталған <i>адамзат іс-әрекеті тәсілінің жиынтығы</i> деп көрсетеді, ол мыналарды қамтиды: <i>табиғат өмірдің және сұлулықтың бастауы</i> болып табылатындығын түсіну, оны сақтауға деген жауапкершілік, кез-келген іс-әрекет, қызмет түрін қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғаумен салыстыра білу қабілеті, табиғатты қорғау іс-әрекетіне, қызметіне аса қызығушылық таныту және оны жүзеге асыруды.
Ахмадуллин Н.Р. Формирование экологической культуры младших школьников средствами физического воспитания: автореф. дисс. ... докт.пед. наук. – Казань, -2004. – 45 с.	Экологиялық мәдениет – бұл <i>жеке адамның мәдениеті</i> – оның әлеуметтік табиғат жүйесінде қызмет ету әдістері, нақты тұлғаның санасына негізделген, оның өмір сүру салты, ойлауы және оның қоршаған орта мен басқа адамдарға қарым-қатынасы, мінез-құлқы.
Панин М.С. Казахстанское образование: взгляд ученого, педагога, руководителя. -Алматы: Раритет, -2009. – 383 с.	<i>Экологиялық білімнің стратегиясына</i> ... экологиялық мәдениетті қалыптастыру енуі қажет, ол адамның қоршаған табиғи ортаға қарым-қатынасының жеке жауапкершілігін, цивилизацияның даму перспективасы үшін оның өзіндік әрекеті, мінез-құлқы мен <i>саналық түрде материалдық қажеттіліктерін шектеу</i> жатады.

Мамедов Н.М. Культурно-устойчивое развитие и экологическое образование // Международной научно-методической конференции. - Алматы, КазНУ им. аль-Фараби. - 2004. - С. 27-28.	Адамның табиғатпен байланысының жаңа әдісінің көрінісі, оны тереңірек тануы. Жаңа мәдениет шаралары ретінде <i>экологиялық этика құндылықтары</i> алынған.
Боранбаев А.С. Историко-педагогические основы экологизации учебно-воспитательного процесса школы: автореф. дисс. ... канд. пед. наук. - Алматы, -2004. - 17 с.	<i>Экологиялық-адамгершілік тәрбиесі</i> , алдымен, адамдарда экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылады (гуманитарлық дүниетаным, адамгершілік мінез-құлық, құндылықтар бағдары, саналы қажеттіліктер, экологиялық қызығушылық)
Глазачев С.Н., Шалтымбаев С.Т. Экологическая культура и образование: опыт России и Казахстана. - Алматы, Қазақ университеті, -2006. - С. 6-10.	Әлеуметтік табиғи болмыстағы адамның мәндік күшін іске асыратын шаралар мен әдістер ретінде – <i>мәдениет жаңа сана</i> , адам рухының, сана-сезімі мен <i>болмысының гармониялық қатынасы</i> .
Белоусова А.П., Проскурина И.В. Управление экологическими рисками загрязнения подземной гидросферы // Менеджмент в России и за рубежом. - №2, -2007. - С. 82-95.	Бізде экологиялық мәдениет мемлекеттік іс болу керек. Бұл мәдениет әр қайсысымызға жетпейінше ешқандай нәтиже болмайды» деген сөзі заңды деп айтуға болады. Қоғамды экологияландыру экология туралы жан-жақты ақпарат беретін, барынша ақпараттық қамтамасыз етуді қажет етеді. Бала бақпада, мектептерде және т.б. жерлерде экология мәселесіне көп көңіл бөлініп, тек айтылып қана қоймай <i>адамның санасына, жүрегіне жететіндей жеткізілу керек</i> деп ойлаймыз.
Сыдыкова З.Е. Формирование экологической культуры младших школьников с использованием инновационных технологий в учебно-воспитательном процессе: дисс. ... канд. пед. наук. - Шымкент, -2007. - 23 с.	Экологиялық мәдениет – бұл жалпы әлемдік мәдениеттің құрам бөлігі, өзінді табиғи ортаның бөлшегі ретінде және субъект ретінде, қазіргі және келешек ұрпақ алдында жауапкершілік сезіну керектігін терең және жалпы сипаттайды;
Пирсаидова Г.А. Педагогические условия моделирования школьного экологического образования: дисс. ... канд. пед. наук. - Астана, 2007. - 118 с.	Тұлғаның экологиялық мәдениеті <i>күрделі интеграциялық білім</i> , оның негізі экологиялық дүниетаным, практикалық әрекет және мінез-құлық болып табылады, бұл адам, қоғам мен табиғаттың тұрақты және өзара байланысты дамуына әсер етеді.
Яницкий О.Н. Экологи-ческая культура. Очерки, взаимодействия науки и практики. - Москва, Наука, -2007. - С. 7-10.	Экологиялық мәдениет – бұл кейбір әлеуметтік субъектілердің (тұлғалар, топтар, қауымдастық) қоршаған ортаға: <i>жергілікті, ұлттық, глобальды қарым-қатынас құндылығы</i> .
Гирусов Э.В. Восхождение к экологической культуре: необходимость и сущность // Библиотечное дело. - Санкт-Петербург, - 2010. - №3 (117). - С. 7-13.	Экологиялық мәдениет – қоғамның табиғатпен бірлігінің прогреспен қамтамасыз етілуі. Экологиялық мәдениет әлеуметтік әрекеттің табиғаттың <i>біртұтастылық заңдылықтарымен сәйкестігіне</i> негізделген (оның ішінде, адам белсенділігінің табиғи орта сапасы мен оның тіршілікке жарамдылығының сәйкестілігі)
Бәкірова К.Ш. Педагогикалық жоғары оқу орны студенттері іс-қимылының биоәдеп-тік ережелерін және олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелері: Монография. - Алматы: ЖПИС «АБК Construction» баспасы. - 2013. - 152 б.	Педагогикалық жоғарғы оқу орны студенттерінің экологиялық мәдениетін қалыптастыру – жеке тұлғаның экологиялық мәдениетін оның қоршаған ортамен тығыз байланыста тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында қалыптастыру болып табылады, бұл үрдіс <i>жеке тұлғаның табиғат жөніндегі білімімен өзара ұштастырылуы</i> және экологиялық қауіпсіздіктің (тұрақты экологиялық біліктіліктің) қамтамасыз етілуі, оған деген құндылықтардың (тұрақты экологиялық саналылықтың) құлшындырыла түсуі және онымен өзара қарым-қатынас жасауға деген икемділіктің, дағдылар мен қажеттіліктердің (тұрақты экологиялық іс-әрекеттің) жетілдірілуі жағдайында жүзеге асуы тиіс.

Әдебиеттердегі «экологиялық мәдениет» туралы көпшілік белгілі анықтамаларды жинақтау арқылы, олардың біразымен келісуге болады, экологиялық мәдениеттің қалыптасуы – бұл кешенді, кезең-кезеңімен жүретін, көпжоспарлы үрдіс, олардың бағыттары:

1) студенттер жаратылыстану ғылымдары арқылы білімді кең көлемде игереді және оның негізінде біліктілік базасы қалыптасып, білім жүйесіне көшіріледі және біртіндеп экологиялық тұрғыда бағдарланған әрекеттің практикалық дағдысының сапасы артады;

2) экологиялық бағытта ойлаудың дамуы арқылы болашақ мұғалім табиғаттың бір бөлігі ретінде өзіне және басқа адамдарға нақты қарым-қатынасын анықтап, қоршаған ортаны қорғауда белсенді ұстаным жасауға мүмкіндік береді;

3) өзін күту және салауатты өмір салты арқылы жеке қажеттіліктерін қалыптастырып, үнемі өзін-өзі дамытады [7].

Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінде «тұрақты даму мүддесінде экологиялық тәрбие мен білім берудің мақсаты қоғамда мәдениет қалыптастыру, адамдар, елдер мен ұрпақтар арасындағы ынтымақтастыққа, теңдікке және өзара құрметке негізделген азаматтардың белсенді өмірлік көзқарасын қалыптастыру» туралы айтылған[8].

Жоғарыда келтірілген мәселелерден мынадай қорытынды жасауға болады, «Экологиялық мәдениет» **интегралды категория** болып табылады, оның құрам бөліктері көп. Жоғарыда келтірілген кестеде берілген мәліметтер экологиялық мәдениеттің жаңа деңгейге көтерілу процесіндегі бірыңғай мазмұнды түзеді. Қазіргі уақытта экологиялық мәдениеттің деңгейі түрлі елдер мен түрлі қызмет саласында әрине бірдей емес. Бірақ көпшіліктің санасында экологиялық мәдениет, экологиялық ойлау стилі тұрақтады және бүгінгі күннің өзінде оның шектеуші құрамы болып табылатынын үлкен сенімділікпен айтуға болады. Қоршаған ортаның дағдарыстағы жағдайы, жиі кездесетін экологиялық апаттар халықты көп нәрсеге үйретеді. Қазірдің өзінде табиғатты «бағындыру» ұстанымдарын ұстанатын адамды кездестіру қиын, оның орныны «Табиғат бәрін біледі» деген сенім көп айтылады.

Экологиялық мәдениет цивилизацияның өмір салтының көрінісі, ол қоғамның қоршаған ортаға қарым-қатынасы арқылы рухани мәдениеттің даму дәрежесін көрсетеді. Рухани мәдениеттің даму дәрежесі оның интегралды көрсеткіші болып табылатын экологиялық мәдениеттің даму деңгейіне әсер етеді.

Сонымен, болашақ мұғалімнің жеке тұлғасында «экологиялық мәдениет» қалыптастыру динамикасын талдау негізінде философиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «Педагогикалық жоғарғы оқу орындағы студенттерінде экологиялық мәдениет қалыптастыру» туралы жаңа философиялық түсінікті ұғындыру аспектісінде біз жұмысшы анықтама дайындадық, ол болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған тұрақты даму мен қоғамда тұрақты даму туралы әлемдік көзқарас қалыптастыру үшін білім беру стратегиясының идеялары мен ұстанымдары қолдануға негізделген.

Педагогикалық жоғарғы оқу орны студенттерінің экологиялық мәдениетін қалыптастыру – жеке тұлғаның экологиялық мәдениетін оның қоршаған ортамен тығыз байланыста тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында қалыптастыру болып табылады, бұл үрдіс жеке тұлғаның табиғат жөніндегі білімімен өзара ұштастырылуы және экологиялық қауіпсіздіктің (тұрақты экологиялық біліктіліктің) қамтамасыз етілуі, оған деген құндылықтардың (тұрақты экологиялық саналылықтың) құлшындырыла түсуі және онымен өзара қарым-қатынас жасауға деген икемділіктің, дағдылар мен қажеттіліктердің (тұрақты экологиялық іс-әрекеттің) жетілдірілуі жағдайында жүзеге асуы тиіс. Бұлардың бәрі де педагогикалық жоғарғы оқу орнында түрлі-түрлі мамандықтар алуға талпынып жатқан студенттерге қазіргі ұрпақтың және болашақ ұрпақтардың өмір сапасы жоғары деңгейде болуына жағдай жасай отырып, қоршаған ортаның тұрақты сақталуына бағытталған экологиялық шектеулерді ескере отырып берілуі тиіс.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Залыгин С. Экология и культура // Новый мир. – 1992. – № 9. – С. 6.
- [2] Яницкий О.Н. Экологический аспект проблемы культурного прогресса. // Культурный прогресс: философские проблемы. – М., 1994. – С.21–25.
- [3] Когай Е.А. Социальная экология. Культура и природа: этапы развития // Социально–политический журнал. – 1998. – №9. – С. 23–27.
- [4] Кружалин В.И., Мазуров Ю.Л. Образование и экологическая культура // Высшее образование сегодня. – 2002. – № 12. – С. 7–11.
- [5] Культура и экология <http://www.xserver.ru/user/kulik/>
- [6] Лихачев Б.Т. Философия воспитания. – М., 1995. – 318 с.
- [7] Экологическое образование населения России до 2010 г. Проект концепции. – М.: Республика, 1996. – 60 с.
- [8] Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212>

REFERENCES

- [1] Zalygin S., Jekologija i kul'tura, **Novyj mir**, 1992, № 9, S. 6. (in Russ.).
- [2] Janickij O.N. Jekologicheskij aspekt problemy kul'turnogo progressa. „Kul'turnyj progress: filosofskie problemy., **M., 1994., S.21,25.** (in Russ.).
- [3] Kogaj E.A. Social'naja jekologija. Kul'tura i priroda: jetapy razvitija „Social'no,politicheskij zhurnal „1998, №9, S. 23,27. (in Russ.).
- [4] Kruzhalin V.I., Mazurov Ju.L., Obrazovanie i jekologicheskaja kul'tura. Vysshee obrazovanie segodnja., **2002., № 12, S. 7,11.** (in Russ.).
- [5] Kul'tura i jekologija <http://www.xserver.ru/user/kulik/> (in Russ.).
- [6] Lihachev B.T. Filosofija vospitaniya. **M., 1995. 318 s.** (in Russ.).
- [7] Jekologicheskoe obrazovanie naselenija Rossii do 2010 g. Proekt koncepcii. **M.: Respublika, 1996, 60 s.** (in Russ.).
- [8] Kazakstan Respublikasynyn Jekologijalyk kodeksi <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212> (in Kz.).

К. Ш. Бакирова, Г. А. Шолпанкулова

КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ПРИ ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ-БИОЛОГОВ

Аннотация. В статье дан всесторонний и глубокий анализ динамики формирования экологической культуры личности будущего учителя в философской и психолого-педагогической литературе в хронологическом порядке. В настоящее время все большее признание получает точка зрения, согласно которой экологическая культура рассматривается в качестве необходимого компонента профессиональной культуры педагога. Действительно, без осознания учителями, воспитателями, представителями других педагогических специальностей влияния, оказываемого разнообразными природными и социальными факторами на развивающуюся личность и в значительной мере обуславливающего характер и направление ее развития, без умения строить свою деятельность на основе учета этих факторов, сегодня вряд ли возможно добиться столь ожидаемого обществом повышения эффективности педагогического труда.

На основании многолетних исследований и полученных результатов авторами было дано его рабочее определение в аспекте нового философского осмысления понятия «формирования экологической культуры студентов педагогического вуза», основанное на применении идей и принципов стратегии образования для устойчивого развития, направленной на удовлетворение потребностей будущего поколения, формирование мировоззрения общества устойчивого развития.

Ключевые слова: формирование, экологическая культура, подготовка специалистов-биологов, экологическое образование, экологическое сознание, устойчивое развитие.

Авторлар туралы мәлімет:

Бакирова К. Ш. - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры, педогогика ғылымдарының докторы.

Шолпанқұлова Г. А. - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «6M011300-Биология» мамандығының докторанты